

Түркістан облысы
Келес ауданы
№39 Лесбек Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігінің жылдық жоспары

2021-2022 оқу жылы

Оқу ісінің меңгерушісі:



Б. Амалдыкова

Пән бірлестік жетекшісі:



Ж. Алипова

Түркістан облысы Келес ауданы

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

**Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің әдістемелік
тақырыбы:**

***«Оқытуда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану негізінде
оқушылардың білім сапасын көтеру»***

Әдістемелік бірлестіктің әдістемелік мақсаты:

Оқу-тәрбие процесіне жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы:

- мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік, шығармашылық іздемпаздығын арттыру;
- жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыру;
- оқушылардың білім сапасын арттыру;
- оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту

«Бекітемін»

Мектеп директоры



У. Нысанбаева

**2021-2022 оқу жылына арналған қазақ тілі мен әдебиеті
пән бірлестік отырыстарының**

жоспары

№	Отырыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Отырыс №1			
1	1. Жаңа оқу жылына ӘБ іс-жоспарын бекіту 2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу 3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту 4. Үйірме жұмысының тақырыбын, жоспарын талқылау, бекіту 5. Озық тәжірибелі мұғалімдерді зерттеуге ұсыну 6. Қолданбалы және тандау курстарына арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту 7. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау 8. Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту 9. «Жаңартылған білім беру мазмұны» бойынша талқылау 10. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту 11. Әр түрлі мәселелер	тамыз	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
Отырыс №2			
2	1. 1-тоқсан бойынша үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу мәселелері 2. Дарынды оқушыларды аудандық олимпиадаға дайындау мәселесі 3. Қосымша сабақтың өтілу дәрежесі 4. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама 5. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау	қараша	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері

	6. Мұғалімдердің шығармашылық есебін тыңдау, талқылау		
--	---	--	--

Отырыс №3

3	1. Іжартыжылдық қорытындысы 2. Үйірме және таңдаудың өтілу барысы 3. Пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижелері 4. II-жартыжылдықтағы ашық сабақтар жоспарын жасау 5. Үздік кабинет байқауына дайындық 6. Кабинеттердің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері 7. Мұғалімнің шығармашылық жұмысының есебі 8. Мектепішілік педоқуға дайындалған баяндамаларды талдау, мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама 9. Әр түрлі мәселелер	қаңтар	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
---	---	--------	--------------------------------

Отырыс №4

4	1. 3-тоқсан қорытындысы (ТЖБ жұмыстарының қорытындысын талдау) 2. Сабақтарға қатысу бойынша жасалған тексеру нәтижесін талқылау 3. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама 4. Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау 5. Бірлестіктегі жас мамандармен жұмыс барысын тыңдау 6. Шығармашылық есептер беруді ұйымдастыру формаларын, әдіс-тәсілдерін талқылау 7. Әр түрлі мәселелер	наурыз	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
---	--	--------	--------------------------------

Отырыс №5

5	1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарттарындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейінің орындалу барысы 2. II-жартыжылдық ТЖБ жұмыстарының қорытындысы (модерация жасау) 3. Үйірме жұмыстарының жұмысын, жыл бойы өткізілген ашық сабақтарды қорытындылау 4. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімнің есебін тыңдау 5. Жас мамандармен жұмысты қорытындылау 6. Оқу жылындағы әдіс бірлестігінің бір	мамыр	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
---	--	-------	--------------------------------

	жылдық жұмысының қорытындысы		
	7. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебі		
	8. Педокуға жіберілетін баяндамаларды талқылау, ұсыну		
	9. Әр түрлі мәселелер		

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына SWOT талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Оқушылар арасында өткізілген аудандық пән олимпиадасына 9 «А» сынып оқушысы Сейітхан Амина қатысып 3-орынды иеленді, пән мұғалімі Ж. Алипова, 6 «Б» сынып оқушысы Сейтхан А алғыс хатпен марапатталды, пән мұғ: Абдраймова Б 2. Аудандық «Мағжан оқулары» байқауына қатысып 9 «А» сынып оқушысы Амирәлиев Балғынбек 2-орынды иеленді. Аудандық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауына қатысып, 6 «Б» сынып оқушысы Асан Аружан алғыс хатпен марапатталды, Пән мұғалімі: Абдраймова Б 3. «Менің Түркістаным» жоба байқауына қатысып 10 «В» сынып оқушысы Жәнібек Мереке алғыс хатпен марапатталды, пән мұғ Абдраймова Б 4. 10 «Ә» сынып оқушылары: Исламбай А, Шекербек А. Мамырбаева Г жүлделі ІІ, ІІІ орындармен марапатталды. Пән мұғалімі Ж. Алипова 5. «Бәйтерек» республикалық зияткерлік сайысына пән мұғалімдері жалпы-24 оқушы қатыстырып жүлделі І, ІІ, ІІІ орын иеленгені үшін диплом алды. Пән мұғалімдері: Алипова Ж, Абдраймова Б. Айхынбаева У. Еркінбекова Г Абдраймова Г. 6. «Ұстаз тілегі» республикалық онлайн олимпиадасына қазақ тілінен жалпы 19 оқушы қатысып, жүлделі І, ІІ орындармен марапатталды. Пән мұғалімдері: Алипова Ж, Абдраймова Б, Айхынбаева У, Еркінбекова Г, Тұрымбетова Б.	1. Қазақ тілі пәнінен кейбір білім алушылардың тілдік дағдыларының төмендігі; 2. Қазақ әдебиеті пәні бойынша кейбір білім алушылардың жоғарғы ойлау деңгейіндегі тапсырмаларды орындау қабілетінің төмендігі; 3. Білім алушыларда оқытудың техникалық құралдарының жеткіліксіздігі; 4. Интернет байланысының тұрақсыздығы; 5. Оқу мақсаттарын оқушылардың меңгермеуі; 6. Білім алушылардың әдеби кітаптарды оқуға деген құштарлығының төмендігі; 7. Білім алушылардың ұйымдастырылған түрлі байқауларға қатысуға қызығушылығының төмендігі; 8. Пән мұғалімдерінің білім беру платформаларының мүмкіндіктерін толық пайдаланбауы. 9. Пән мұғалімдерінің ресурс қорының жеткіліксіздігі; 10. Пән мұғалімдерінің БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын сыныптағы білім алушылардың ерекшеліктеріне сай өз бетінше дайындамауы.

7.ҰБТ-2022 оқу сауаттылығы пәні бойынша орта балл-16% -ды құрады.

Мүмкіндіктері

1. Оқыту барысында білім алушыларға түрлі жаңа технологияларды қолдана отырып сабақ өту мүмкіндігі.
2. Оқыту барысында білім алушылардың өз бетінше білім алуын ұйымдастыру мүмкіндігі.
3. Оқыту барысында пән мұғалімдерінің түрлі білім беру платформаларында жұмыс жасауды меңгеру мүмкіндігі.
4. Нысаналы сыныпта зерттеу жүргізу арқылы білім алушылардың үлгерімін жақсарту мүмкіндігі.
5. Білім беруде жаңа технологиялар әдіс-тәсілдерін тиімді енгізу мүмкіндігі.
6. Пән мұғалімдерінің түрлі қашықтан ұйымдастырылған вебинарларға қатысу арқылы тәжірибесін жетілдіру мүмкіндігі.

Қауіп, кедергілер

1. Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтамауы.
2. Кейбір білім алушылардың пәнге деген қызуғышылығының төмендігі, үлгерімі төмен білім алушылар санының артуы.
3. Дарынды білім алушылармен жеке жұмыстың жүргізілмеуі.
4. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың жүйелі жүргізілмеуі.
5. Білім алушыларды ынталандырудың дұрыс жолға қойылмауы.
6. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында пән мұғалімдердің бірлескен жұмысының ұйымдастырылмауы.

Бекітемін

Мектеп директоры:



У.Нысанбаева

**Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі мұғалімдерінің үйірме жұмыстарын
жүргізу кестесі**

2021-2022 оқу жылы

к/с	Мұғалімнің аты-жөні	Сыныбы	Өтілетін күні	Уақыты
1	Абдраймова Гулжан	7-сынып	дүйсенбі	12:00
2	Оспанова Гульженис	11-сынып	дүйсенбі	15:00
3	Тұрымбетова Бағыла	9-сынып	сейсенбі	15:00
4	Айхынбаева Ұлдана	7-сынып	сейсенбі	12:00
5	Алипова Жанар	5-сынып	сәрсенбі	12:40
6	Асенов Өркен	8-сынып	сәрсенбі	16:00
7	Сабденов Ержан	5-сынып	сәрсенбі	12:00
8	Абдраймова Бибижамал	6-сынып	бейсенбі	12:00
9	Еркінбекова Гүлмира	7-сынып	жұма	12:00
10	Есенқұлова Гүлжанат	10-сынып	жұма	16:00

Кестені түзген қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі: Алипова Ж

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

У. Нысанбаева

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасар:

Р. Мустапаева

Келес ауданы

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің мұғалімдерінің іс-әрекеттегі зерттеу тақырыптары
2021-2022 оқу жылы

К/с	Тақырыбы	Сынып	Пән мұғалімі
1	5 «А» сыныбында қазақ тілінен оқылым стратегияларын тиімді қолданып ойлау дағдысын дамыту	5 «А»	Алипова Ж
2	11 «А» сыныбында қазақ әдебиеті пәнінен әдістерді тиімді қолдана отырып оқушылардың сыни талдау дағдыларын дамыту	11 «А»	Оспанова Г
3	6 «Б» сыныбында қазақ тілінен оқылым айтылым стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту	10 «А»	Мамбетова А
4	8 «Ә» сыныбында қазақ тілі пәнінен проблемалық оқыту арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту.	8 «Ә»	Асенов Ө
5	9 «В» сыныбында қазақ тілі пәнінен әдістерді тиімді қолдана отырып оқушылардың айтылым мен жазылым дағдысын қалыптастыру	9 «В»	Тұрымбетова Б
6	7 «Г» сыныбында қазақ тілінен жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың жазылым дағдысын дамыту	5 «Ә»	Еркінбекова Г
7	9 «Г» сыныбында жетекші сұрақтар қоя отырып оқушылардың айтылым дағдысын дамыту	9 «Г»	Есенқұлова Г
8	7 «В» сыныбында қазақ тілінен проблемалық оқыту арқылы оқушылардың оқылым дағдысын дамыту	11 «Ә»	Абдраймова Г
9	6 «Ә» сыныбында тыңдалым стратегияларын қолдану арқылы тыңдалым дағдыларын дамыту	6 «Ә»	Абдраймова Б
10	8 «В» сыныбында қазақ тілінен сұрақ түрлерін қолдана отырып оқушылардың айтылым дағдысын дамыту	7 «В»	Сабденов Е

Пән бірлестік жетекшісі:

Алипова Ж

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

У. Нысанбаева

Келес ауданы

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақ тілі және әдебиеті пәндерінен «Тіл-рухани қазына» тақырыбындағы өткізілетін пән апталығының жоспары

2021-2022 оқу жылы

Қ/с	Тақырыбы	Сыныптар	Мерзімі	Орындаушы
1	«Тіл –рухани қазына». Пән апталығының ашылуы.	5-11	1.10.2021ж	ӘБ мүшелері
2	Ашық сабақ «Ла Скала театры»	10 «Ә»	4.10.2021 ж	Алипова Ж
3	Ашық сабақ «Ең басты байлық»	7 «Б»	5. 10. 2021ж	Оспанова Г
4	Ашық сабақ «Сүйіспеншілік пен достық»	7 «В»	5.10.2021 ж	Абдраймова Г
5	Ашық сабақ «Мелекеттік Эрмитаж музейі»	10 «В»	6.10.2021ж	Есенқұлова Г
6	Ашық сабақ «Жеті ғажайып сыр»	6 «А»	7.10.2021ж	Абдраймова Б
7	Ашық сабақ «Жаһандану дәуірі мен ана тілі»	9 «В»	8.10.2021ж	Тұрымбетова Б
8	Ашық сабақ «Иммунитет»	7 «В »	8.10.2021ж	Еркінбекова Г
9	Ашық сабақ Ақтамберді Сарыұлы«Балаларыма өсиет» жыры	8 «В»	8.10.2021ж	Сәбденов Е
10	«Қазақ тілім – ертеңім, болашағым». Апталықтың жабылуы.	5-11	9.10.2021 ж	ӘБ мүшелері

Пән бірлестік жетекшісі:



Алипова Ж.

Бекітемін»

Мектеп директоры



У.Нысанбаева

«№ 39 Лесбек Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2021-2022 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен ғылыми жоба жұмыстарының тақырыптары

№	Мұғалімнің аты-жөні	секция	Оқушының аты-жөні	сыныбы	тақырыбы
1.	Айхынбаева Улдана	Тіл білімі (қазақ тілі)	Әбілқасым Нұржас	7«Б»	Қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі жаргондар
2	Абдраймова Бибижамал	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Сейтхан Арай	6«Ә»	Ы. Алтынсариннің балалар әдебиетіндегі орны
3.	Алипова Жанар	Тіл білімі (қазақ тілі)	Өміртай Құралай	8«А»	Қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі негізгі ерекшеліктер
4.	Еркінбекова Гулмира	Тіл білімі (қазақ тілі)	Умирзақ Аяулым	5 «Ғ»	Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің мағынасы мен бүгінгі қолданысы
5	Турымбетова Багила	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Жүсіпбек Жанель	7«Ә»	Төле би мұрасы –ұрпаққа байлық
6	Есенкулова Гулжанат	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қалдыбек Зәуре	6«Г»	Қазыбек би толғауларындағы нақыл сөздер
7	Абдраймова Гулжан	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Сейтхан Айзере	6 «В»	Заманауи білім берудің түйінді идеяларын Ы. Алтынсариннің ой-толғамдарымен ықпалдастыру
8	Оспанова Гульженис	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қалаубек Дариға	11«А»	Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қолданылуы
9	Асенов Оркен	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қаратай Жанерке	8 «А»	А. Байтұрсынұлының шығармашылығы
10	Сабденов Ержан	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қайназар Едіге	5 «Ғ»	Абайдың табиғат лирикасы

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі жетекшісі :

Алипова Жанар Қабланқызы

«Бекітемін»

Мектеп директоры



У. Нысанбаева

Келес ауданы

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігі мұғалімдерінің курсқа бару перспективалық жоспары

2021-2022 оқу жылы

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Р.Мустапаева

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар	нәтиже
1.	Мамандық шеберлігін жетілдірудегі курсқа жіберудің жоспарын құру	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі	Қайта даярлаудағы курстық жұмыстың кезеңдері
2.	БЖИ ұйымдастыруы бойынша сұраныстар жасау	Жыл көлемінде	ӘБ жетекшісі	Курс өткізуді ұйымдастыру
3.	Мұғалімдердің аттестациядан өту кезеңдерін еске ала отырып, педагог кадрлардың білімін жетілдірудің перспективалық жоспарын құру	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі	Білім көтеру

Қ/с	Мұғалімнің аты-жөні	2020	2021	2022	2023	2024	2021-2022ж баруы тиіс
1	Мамбетова Айткүл			+			
2	Оспанова Гүлжәніс		+				
3	Абдраймова Бибіжамал		+				
4	Алипова Жанар		+				
5	Есенқұлова Гүлжанат	+					
6	Асенов Өркен	+					
7	Еркінбекова Гүлмира	+					
8	Сабденов Ержан	+					
9	Тұрымбетова Бағила	+					
10	Абдраймова Гүлжан	+					
11	Айхынбаева Ұлдана			+			+
12	Сырманов Ерубай			+			+

Пән бірлестік жетекшісі:

Алипова Ж.

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 1 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 29. 08. 2021 ж

Барлығы- 12

Қатысқаны -12

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылына ӨБ іс-жоспарын бекіту
2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу
3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту
4. Үйірме жұмысының тақырыбын, жоспарын талқылау, бекіту
5. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу
6. Қолданбалы және таңдау курстарына арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту
7. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау
8. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі
9. ҰБТ-ға дайындау жоспарын қарау
10. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
11. Театр күнін өткізуді жоспарлау
12. Білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру бойынша жұмыс жоспарын жасау
13. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыс жоспарын түзу
14. Ақын-жазушылардың мерейтойына арналған іс-шаралар жоспарын түзу
15. Инклюзивті білім беру ортасын құру жолдарын талқылау.
16. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. Өз сөзінде жаңа оқу жылына құрылған әдістемелік бірлестіктің іс-жоспарымен таныстырды. Сондай –ақ нормативтік құжаттармен, №130 бұйрықпен, оқу бағдарламаларымен және жаңа оқулықтармен таныстырып өтті. Пән бойынша мұғалімдермен келісе отырып апталық жүктеме сағаттары бөлініп берілді. Күнтізбелік жоспар жасауда әдістемелік нұсқау мен оқу бағдарламаларына сүйеніп жасау тапсырылды. Келесі кезекте үйірме жұмыстары мен қолданбалы курс тақырыптары тандалынып алынып алынды.

Келесі кезекте Ы. Алтынсарин Ұлттық академиясы әзірлеген 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат мазмұны туралы сөз қозғалды. Биылғы оқу жылына арналған нұсқау хатта әрбір білім мекемесінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Театр күні» жобасы, үлгермеуші оқушылармен жұмыс, білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында жүргізілетін жұмыстар барысы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Ізж бойынша ашық сабақтар кестесі жасалынды. Келесі кезекте маңызды мәселелердің бірі 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындау жолдары туралы сөз қозғалды. ҰБТ -те орын алған өзгерістер талқыланып, оқушыларды жан-жақты дайындау тәсілдері туралы пікір бөлісті. Жарыссөзге шыққан Г. Абдраймова оқушылардың оқылым дағдыларын жетілдірудің бірнеше тәсілдерін ұсынды. 9- сыныптардың ОЖСБ-ға

дайындау мәселесі де айтылып, пән мұғалімдеріне дайындық жұмыстарын жандандыра жүргізу тапсырылды.

Сондай-ақ Kundelik kz электронды журналының дұрыс, уақытылы жүргізілуі туралы бірнеше кеңестер берілді.

Келесі кезекте оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы мәселе көтерілді. Жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып оқыту-бұл заман талабы екенін ескере келе әрбір мұғалім заманауи технологияларды меңгеру жолында үздіксіз кәсіби дамуды қолға алу қажеттілігі айтылды. Жарыссөзге шыққан Асенов Ө, Сабденов Е сынды әріптестеріміз цифрлық құзыреттілікті меңгеру аса қиындық туғыза қоймайтынын айтып өтті.

Сонымен қатар былғы оқу ылындағы ерекшеліктердің бірі сабақта инклюзивті білім беру ортасын құру, оқушылардың жеке және ерекше білім алуына жағдай жасау міндеті қойылып отырғынын айтып өтті. Қысқа мерзімді сабақ жоспарлағанда оқушылардың функционалдық дағдысын дамытатын тапсырмалар әзірлеу қажет екенін ескертіп өтті. Ондағы мақсат оқушылар алған білімдерін өмірде қолдана алатындай болуы қажет.

Пән бірлестік жетекшісі Алипова Ж өз сөзін қорытындылай келе әрбір мұғалім өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарай отырып әрбір білім алушымен, ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, сапалы білім беруді ұйымдастыра білуге міндетті екенін ескертіп өтті.

Қаулы етеді:

1. Жаңа оқу жылына жасалған ӘБ жоспары бекітілсін.
2. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және үйірме жұмысы мен факультатив сабақ жоспарлары бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылына жасалған іс-шаралар жоспарлары бекітілсін.
4. Бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау, 9- сынып оқушыларын ОЖСБ-ға дайындау жұмыстары пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
5. Заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдану әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін.
6. Әрбір пән мұғалімі әдістемелік нұсқау хаттағы ұсынымдарға сай жұмыс жүргізсін.
7. Kundelik kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.
8. Қысқа мерзімді сабақ жоспарына оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын тапсырмалар кіріктіру және ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар мен жеке қажеттілігі бар оқушыларды ескеріп тапсырмалар құрастырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 2 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 5.11. 2021 ж

Барлығы- 13

Қатысқаны -13

Күн тәртібі:

9. 1-тоқсан қорытындысын талдау
10. Дарынды оқушыларды аудандық олимпиадаға дайындау мәселесі
11. Пән мұғалімдерінің мониторингі
12. Мектепшілік қашықтан вебинар сабақтар ұйымдастыру
13. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау
14. Onleine mektep білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі
15. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі
16. Мектепшілік қашықтан вебинар сабақтар жүргізу және вебинар сабақтарға қатысу

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова сөз бастады. 1-тоқсан қорытындысымен таныстыра отырып, қазақ тілі пәнінен жоғары нәтиже көрсеткен сыныптарды атап өтті. 5 «А» сыныбы 73%, пән мұғалімі А. Мамбетова, 6 «Б» сыныбы 72% пән мұғалімі Айхынбаева, 7 «А» сыныбы 70% пән мұғалімі Асенов Ө, 8 «А» сыныбы 76%, пән мұғалімі Алипова Ж. Сондай-ақ оқу үлгерімі бойынша төмен нәтиже көрсеткен 8 «Б» сыныбы 41% білім сапасын көрсетті және 9 «Б» сыныбы 39% білім сапасын көрсетті. Пән мұғалімдері: Тұрымбетова Б, Есенқұлова Г әріптестерімізге оқушылардың білім сапасын арттыру жолында іздене отырып жұмыс жасау қажеттігін қатаң түрде ескертті. Үлгерімі төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптың пән мұғалімдері оқушылардың қашықтан оқыту барысында сабаққа уақытылы кірмейтінін айтты. Пән бірлестік жетекшісі пән мұғалімдеріне сынып жетекшісі мен ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату қажеттігін айтып өтті.

Келесі кезекте дарынды оқушыларды олимпиадаға дайындау мәселелері туралы сөз қозғалды. Әрбір пән мұғалімі дарынды оқушылармен үздіксіз жұмыс жасай отырып, оқушы шығармашылығын шыңдауға еңбек етуі керектігі айтылды. Сондай-ақ пән мұғалімдерінің БЖБ, ТЖБ жұмыстарының талдауының есебі туралы сөз қозғалды. Әрбір пән мұғалімі талдау жұмыстарымен таныстырды. Сондай-ақ алдағы ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша курс бағдарламасын оқыған Мамбетова А, Абдраймова Г, Сабденов Е сынды әріптестер курстан алған әсерлерімен бөлісті. Курс барысында қоланған әдіс-тәсілдері мен жаңалықтарын айтып өтті.

Келесі кезекте мұғалімдердің Onleine mektep білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі туралы есеп берілді. Пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова кейбір сынып оқушылардың белсенділігі төмен болып тұрғанын айта келе, пән мұғалімдері ата-аналармен және сынып жетекшісімен тығыз байланыс орнату керектігі айтылды. Мәселен Б. Тұрымбетова платформада видеоконференция ұйымдастыру оқуға деген қызығушылығын арттырудың өзі қолданып жүрген бірнеше тәсілдерінің айтарлықтай нәтиже бергенін атап өтті. Оқушылар арасында оқу сайыстарын ұйымдастыру, әдеби шығармаларды оқуға таңдап беру т.б. б


Келесі кезекте Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі барысы қозғалды. Кейбір пән мұғалімдерінің кемшіліктері айтылып, өз уақытында толтыруға қатысты бірнеше ұсыныстар берілді. Сөз соңында бірлестік жетекшісі Ж. Алипова әрбір пән мұғалімі өз ісіне асқан жауапкершілікпен карап, қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастыра білгені жөн екенін айтты. Метепішілік вебинар сабақтарға қатысып, өз білімін үнемі жетілдіруге тиіс екені айтылды. Өздері де іздене отырып вебинар сабақтар өткізу мұғалімнің кәсіби шыңдалуына ықпал ететінін айтты.

Қаулы :

1. I тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Біліктілік арттыру курсынан өткен А. Мамбетованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Б. Тұрымбетованың шығармашылық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 6 Onleine mektep платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін
- 7 Kundelik kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 3 жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген мерзімі: 6.01. 2022 ж

Барлығы- 13

Қатысканы -13

Күн тәртібі:

3. I-жартыжылдық қорытындысы
4. Мұғалімдердің мониторингі БЖБ, ТЖБ-ға талдау жүргізу
5. Қашықтан өтілетін мектепшілік және аудандық вебинар сабақтарға қатысу
6. II-жартыжылдықтағы ашық сабақтар жоспарын жасау
5. Мектепшілік педоқуға дайындалған баяндамаларды талдау, мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама
6. Onleine mektep білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі
7. Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. II тоқсан бойынша оқу үлгерімімен таныстыра келе жоғары нәтиже сыныптар 9 «В» сыныбы білім сапасы 69 % , пән мұғалімі Абдраймова Б, 10 «А» сыныбы білім сапасы 68 % , пән мұғалімі Г. Оспанова, 11 «В» білім сапасы 74%, пән мұғалімі Алипова Ж. Төмен нәтиже көрсеткен 7 «В» сыныбы білім сапасы 45%, пән мұғалімі Сабденов Е, 8 «Б» сыныбының білім сапасы 48% , пән мұғалімі Есенқұлова Г екнін атап өтті. Жоғары нәтиже көрсеткен мұғалімдерге алғыс айта келе, төмен нәтиже көрсеткен сыныптың пән мұғалімдеріне алдағы уақытта жан-жақты ізденісте жұмыс жасау керектігін айтып өтті.

Келесі кезекте үйірме және факультатив сабақтардың өтілу барысы туралы сөз қозғалды.

Сондай –ақ пән мұғалімдері өзара тәжірибе алмасу мақсатында ZOOM платформасы арқылы өткізіліп жатқан ашық сабақтарға қатысу барысы талқыланды.

Келесі кезекте II жартыжылдық ашық сабақтар кестесі пән мұғалімдерінің келісімімен жасалды. Ашық сабақтарды өткізуде қашықтан оқыту платформаларын тиімді қолдану жолдары қарастырылды. Барынша оқушыға қолжетімді платформалар таңдалынып алынғаны дұрыс екені айтылды.

Сонымен қатар мұғалімнің шығармашылық есебі бойынша Ұ. Айхынбаева таныстырылм жасады. Өз тәжірибесінде қолданып жүрген бірнеше тиімді әдіс –тәсілдерді көпшілік назарына ұсынды. Пән мұғалімдері Ұлдана апйға сындарлы кері байланыс бере отырып, жоғары бағасын берді.


Келесі кезекте мұғалімдердің Onleine mektep білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі туралы есеп берілді. Пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова кейбір сынып оқушылардың белсенділігі төмен болып тұрғанын айта келе, пән мұғалімдері ата-аналармен және сынып жетекшісімен тығыз байланыс орнату керектігі айтылды. Сөз соңында Ж. Алипова қашықтан оқыту туралы әр түрлі мәселелерге тоқталды.

Қаулы:

1. II тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Onleine мектеп платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін
4. Kundelik.kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген
№ 4 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 25.03. 2022 ж

Барлығы- 13

Қатысқаны -13

Күн тәртібі:

6. 3-тоқсан қорытындысы (ТЖБ жұмыстарының қорытындысын талдау)
7. Сабақтарға қатысу бойынша жасалған тексеру нәтижесін талқылау
8. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама
9. Online мектеп білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі
10. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. 3 тоқсан қорытындысымен таныстыра отырып жоғары нәтиже көрсеткен 7 Ә сыныбы - 72% білім сапасы, пән мұғалімі Ө. Асенов, 5 Ә сыныбы - 74% білім сапасы, пән мұғалімі Б.Абдраймова. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптар – 6 Ә сыныбы - 49% білім сапасы, пән мұғалімі Г. Абдраймова, 8 Б сыныбы - 45% білім сапасы, пән мұғалімі Б.Тұрымбетова. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың пән мұғалімдеріне алдағы уақытта сыныптағы басты проблемаларды анықтай отырып, зерттеу сабақтарын жүргізу керектігі айтылды.

Келесі кезекте пән бірлестік жетекшісі пән мұғалімдерінің сабақтарына талдау жасалынды. Сабақтардағы іс-әрекеттерге кері байланыс беріле отырып жетістіктері мен жетілдіруге тиіс тұстарына ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар Ө. Асенов «Қазақ тілі сабағында оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдары» тақырыбындағы шығармашылық есебіне таныстырылым жасады. Өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып жазылым дағдысын жетілдіруге арналған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынды.

Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебі тыңдалынып, шығармашылық есептерді беруді ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдері талқыланады.

Сондай-ақ, оқу мен оқытуды жақсарту мақсатында әрбір пән мұғалімі өзі сабақ беретін сыныптардың ішінен проблемалы сыныпты анықтап, ондағы негізгі кедергіні негізге ала отырып іс-әрекеттегі зерттеу сабағын ұйымдастыруы қажет екені айтылды. Ол үшін оқушылардан сауалнама алып, сол сыныптың пән мұғалімдерімен кәсіби сұхбат жүргізіп зерттеу тақырыбын анықтап алу қажет.


Сөз соңында әр түрлі мәселелер қозғалып, әр бір мұғалім өз ісіне жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды.

Қаулы:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Ө. Асеновтың шығармашылық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 3 Onleine mektep платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін
- 4 Kundelik kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 5 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 27.05.2022ж

Барлығы- 13

Қатысқаны -13

Күн тәртібі:

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарттарындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейінің орындалу барысы
2. II жартыжылдық ТЖБ жұмыстарының қорытындысы (модерация жасау)
3. Үйірме жұмыстарының жұмысын, жыл бойы өткізілген ашық сабақтарды қорытындылау
4. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімнің есебін тындау
5. Жас мамандармен жұмысты қорытындылау
6. Оқу жылындағы әдіс бірлестігінің бір жылдық жұмысының қорытындысы
7. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебі
8. Педокуға жіберілетін баяндамаларды талқылау, ұсыну

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарттарындағы әрбір сынып үшін берілген міндетті білім деңгейінің орындалу барысы туралы пән бірлестік жетекшісі Алипова Ж баяндама жасады. Өз сөзінде стандарт бойынша берілген жүктемелерді еске сала отырып пән мұғалімдерінің жоспарды орындау барысын сұрады. Пән мұғалімдері өз жоспарларының орындалу барысымен таныстырды.

Келесі кезекте II жартыжылдық ТЖБ жұмыстарының қорытындысы талқыланды. Сыныптар бойынша қорытынды нәтижелер мониторингі көрсетілді. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптар 5 «В» сыныбы 52%, пән мұғалімі Айхынбаева У, 5 «Г» сыныбы пән мұғалімі Сәбденов Е. Жоғары нәтиже көрсеткен 8 «А» сыныбы 78 %пән мұғалімі Асенов Ө.

Токсандық бағалар қорытындысы бойынша төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың пән мұғалімдерін қолдау мақсатында алдағы уақытта сабақты бірлесіп жоспарлай отырып, оқудағы кедергілерді жою қажеттігі айтылды.

Келесі кезекте үйірме сабақтарының жүргізілуі, жыл бойы өткізілген ашық сабақтарға талдау жасалында. Үйірме сабақтары нәтижесінде аудандық байқаулардың жетістіктері аталып өтті.

Біліктілік арттыру курстарынан өткен пән мұғалімдер өздерінің курстан алған білімдерімен бөлісті.

Сондай –ақ жас мамандармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі талқыланып, тәлімгерлер өз жұмыстарының есебін берді.

Оқу жылы барысында бірлестіктің атқарған жұмыстарын Ж. Алипова атап өтті.

Түрлі байқаулардың нәтижелері талқыланды.

Сөз соңында тамыз пед оқуына дайындалған баяндамалар тыңдалынып, тамыз пед оқуына У. Айхынбаеваның баяндамасы ұсынылды.

Қаулы:

1. IV тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Б. Абдраймованың шығармашалық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Onleline mektep платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін
- 4 Kundelik kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:

Алипова Ж

Тұрымбетова Б